

обучается своим судебским делам, а доктор - медицине, то педагог тем более должен быть обучен педагогике...». Стремясь приобщить свой народ к культурному наследию народов Востока и Запада, А. Байтурсынов призывал учить русский язык, чтобы обогатить родной язык, боролся за чистоту любого языка. Это остается актуальной темой и в наши дни.

Такова была тяжёлая судьба одного из ярких представителей культуры казахского народа. Память об Ахмете Байтурсынове увековечена в г. Костанай. Его имя носит Костанайский Государственный Университет. Преподаватели и студенты могут гордиться тем, что в данном учебном заведении имеется музей, где проводятся значимые мероприятия: Байтурсыновские чтения, открытые уроки, лекции. При посещении музея остаешься один на один с историей, испытываешь восторг при виде старых фотографий с видами казахских аулов, предметов быта, и на мгновение проникаешься духом далекой от нас эпохи конца XIX века. В городском парке установлен памятник, одна из центральных улиц города носит имя А. Байтурсынова. В поселке Торгай также имеется музей А. Байтурсынова. Здесь же хранятся поистине уникальные вещи.

Многогранный талант А. Байтурсынова позволял ему пробовать силу пера в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только учёным, составителем многих учебников, переводчиком, этнографом, но и автором многих стихов, доступных для детей младшего возраста. В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом А. Байтурсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и казахской литературы. Ахмет был великим Устазом – Учителем с большой буквы детей и взрослых. Он был и остался в памяти народа светлым лучом казахской науки и культуры.

#### Список литературы

1. Алтынсарин И. Избранные произведения. Алма-Ата, 1965.
2. Алаш-Орда. Сборник документов / Под ред. Н.Мартыненко. Алматы, 1992.
3. Кадралинова М.Т. « Возвращенные имена» г. Костанай 1998
4. Терновой И.К., Исетова Р.К. « Жизнь, озаренная борьбой». г. Костанай 1998

*Оспанұлы, С.,  
филология ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ профессоры,  
Қостанай қ., Қазақстан*

### ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІНГІ АҚЫНДАР ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ТАРТЫСТАР КӨРІНІСІ

М. Жұмабаев 1921 жылы «Автономия кімдікі?» атты мақала жазып, сол кезеңдегі қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Қазақ оқығандарының бейқамдығын, болашақты ойлап, елдің қамын жеп талпынбайтындығын сынға алады. Мақсатқа жету үшін қарап жатпай, қауымдасып, қол ұстасып бірге қимылдау керектігін айтады.

«Автономия кімдікі?» деп сұрақ қояды да оған «Аязды күні айналған, бұлтты күні толғанған, жасанған ер қазақтың автономиясы бұл», – деп жауап береді. Қолда бар мүмкіндікті барынша пайдаланып ұлт мүддесін қорғап, тәуелсіздікке жету үшін күреске шақырады. «Ақ түйенің қарны жарылып, февраль төңкерісі күтілмеген уақытта көтерілгені рас, – дейді Мағжан. – Бірақ, уақытша көтерілді деп қай ұлт дағдарып отырып қалды. Финляндия, Польша, Украиналарды былай қояйық, Башқұртстан, Азербайжандардың да әдегеннен ағузу биссимилласы автономия болған жоқ па? Ақпан революциясы кезінде бұл ұлттардың азаматтары ұран салып жатқанда қазақ азаматтары «привет свободе, республике» дей ғана білді. Елінің тағдыры туралы даңғыл жол ұстаған азамат осылай дер ме екен?»[1], -

деп қазақтың басынан өткен қилы тағдырды баяндап, ұлт болашағы бірлікте екенін, сондықтан замандастарына ойлану керектігін ескертеді.

Мақалада М. Жұмабаевтың азаттықты аңсап, ұлтым, жұртым деп соққан жүрегінің дүрсілі, жан шырылы бар.

Халық әртүрлі пікірде болып, бірі автономияны жақтады, бірі Ресейден қол үзбеді қалап, большевиктер партиясының саясатын ұстанды.

«Қазақ» газеті «Жасасын, Алаш автономиясы!» айдарымен Мадиярдың (М. Дулатовтың) мақалаларын беріп, атыс-шабыстан әбден қалжыраған ел еңсесін көтеріп, жаңа қоғаммен таныстыруға ұмтылды. Солардың бірі «Құрметті оқушылар!» бас мақаласы. Автор мақаласын «Қазақ газетінің» жабылып, халықпен ара-қатынасы үзіліп қалғанын, содан бері де зор өзгерістер болып, халықтың басынан қайғылы күндер өтіп жатқанын айтудан бастайды.

«Жандарм үкіметінің штрафынан, абақты айдауынан аман өткен «Қазақты» жауыз большевиктер қанды қолмен тоқтатып еді, құдайға шүкір, бүгін жарық дүниеге қайта шығып, ардақты Алашын тағы аралап отыр. Сағынып көрген жұртына «Қазақ» жеті айдан бері көкірегіне байланған шерін тарқатып, көрген-білгенін айтқысы келеді», – деп большевиктердің іс-әрекетіне жан-жақты тоқталып, баға береді. Олардың ешкімді аямағанын, Уақытша үкіметті құлатып, оның мүшелерінің көбісін атып, қырғынға ұшыратқанын, елде заңсыздық орнап, халық ашаршылыққа ұрынғанын, ұрлық-қарлық, бүліншіліктердің көбейгенін, өздерін «Халық комиссары» деп атаған большевик басшыларының Германиямен бітім жасасқанын, бірақ бұл бітім Ресейдің пайдасына емес, Германияның пайдасына шешілгенін жан-жақты көрсетеді. «Германия атының тұяғы тиген жерді өзі алып, одақтарын олжаға ортақ қылатын болды, соғыс шығынын Россияға аударды», - деп, бітім жасалса да Германияның Ресейге шабуылын тоқтатпай отырғанын, ал орыстар болса, большевикпін деп майданды тастап, өздерімен өздері қырқысып кеткенін, ақырында Ресей елі тұралап қалғанын баян етеді.

«Большевиктердің мықты бір жауы автономия алмақ жұрттар еді», – деп, автор большевиктердің Украина даласын қанға бояп, Түркістан автономиясын ойрандағанын, Қоқан қаласын жермен-жексен еткенін, Башқұрт автономиясын таратып, Қырымды да қан-жоса қылғанын газет оқушыларына ашына жеткізеді. Мақала сол бір аласапыран кезеңнің айнасы тәрізді. Автор мақала соңында «Алаш автономиясының тез жарыққа шығуы алдымен екі нәрсеге байлаулы: Милиция һәм қазына» [2], – екенін көрсетіп, халықты осы екеуін қолдауға, мал-мүлікті автономияның беріктігін нығайтуға жұмсауға үндейді.

Сәкен Сейфуллин 1923 жылғы «4-Октябрь – тегістік негізінде құрылған Қазақстан үкіметі жарияланған күн» мақаласында 1920 жылғы 4 октябрьде Қазақстан үкіметі құрылғанын, содан бері ғана патшаның құрығынан құтылып, ел қатарына қосылғанымызды баян ете келе, бұл күннің Қазақстанның қалың еңбекшілері үшін ұлы мейрам, тарихи күн екенін айтады.

Автор мақалаға қайталаулар арқылы ерекше екпін беріп, қуаттылығын арттырып, еркін көсілте жазған. Ақынның бұл тәсілі айтпақ ойымен астасып, шығармасын да шарықтатып, шымырлай түскен: «Қазақстанның қарт тарихы басынан талай адам баласының жан түршігерлік, талай адам баласының жүрегі елжіреп жан аярлық күндерді кешірген. Талай меңіреу қара пәле, қара тұмандарды басынан кешірген...».

Әр сөйлемді айқындаулар әсерлендіріп, кейде «терлігінен тер өткен, тебінгісінен қан өткен», «төре ұлықтарының қылған қорлықтарын, зорлықтарын» деп дыбыс үндестіктерін пайдаланып ұйқастырып әкетеді.

Автор мақаласында қазақты бай, кедей деп тапқа бөліп, кедейді мақтап, байды келемеж ету бар: «Қазақстан еңбекшілері енді автономиялы, өзінің үкіметі бар ел болды. Бұл автономия деген сөзді Қазақстанның байлары, оқығандардан шыққан ұлықтыққа құмар баяғы хандардың, сұлтандардың замандарын жоқтаған кулар, мырзалар өздерінше ойлап, өздерінің байлардың, ұлықтыққа құмар, өтірік халықшыл кулардың автономиясы қылмақ

болды. Сол ниетпен белгілі сандырақ, белгілі сандалғандардың, сұмдардың, есалаңдардың алашордасы шықты» [3, 428-429 бб.].

М. Жұмабаев пен С. Сейфуллиннің автономия жайындағы ойлары бір-бірімен мүлдем қабыспайды.

Мақаланы оқығанда осы тараудың басында келтірілген А. Байтұрсыновтың «Бұл төңкеріс жалпы ұлттық емес, жұмысшылар мен шаруалардың ғана мүддесін қорғаған таптық революция» деген пікірі есіңізге түседі. Кейін көп жағдайды түсінген С. Сейфуллин [Манап Шамиль] «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» мақаласында: «Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы тобының жігін ашып, бұл екі тап қатар тұрғанда, жарлы табын байлар табы жұмысқа жегіп қойып, борсықша сора беретіндігін айтқан жоқ. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді» [4], – деп жазды.

Бұл даналықты, адалдықты, ұлтына берілген азаматтың азаматтығын ағынан жарыла мойындап, өз кемшілігін жасырмай айтудың үлгісі іспетті.

Бір ғажабы Сәкеннің Ахмет туралы осы мақаласы да 1923 жылы жазылыпты. Бұдан оның алған бетінен қайтпағаны байқалады. Кейін шегіну ол кезде мүмкін де емес еді.

С. Сейфуллин 1921 жылы жарық көрген «Октябрь әм ұлт мәселесі» мақаласын «Россияда 1917 жылы 25 октябрде төңкеріс жасап, совет үкіметін орнатушы жұмыскер табының жолбасшысы коммунист партиясы ұлт партиясы емес, тап партиясы. Тап партиясы болғанда жұмыскерлер табының, еңбекші нашар табының партиясы» [3, 299 б.] – деп бастайды.

Бұл жолдардан Сәкеннің А. Байтұрсыновтың сөзінің дұрыстығын біліп отырса да алған бағытын өзгерте алмағанына көзіміз жете түседі.

Қазан төңкерісін қуана қарсы алып, оның мақсат-мүддесін елге өлеңдері мен публицистикалық мақалалары арқылы алғаш жеткізгендердің бірі Сәкен Сейфуллин болды. М. Жұмабаев бұл тұста, жалпы төңкеріс төңірегінде бірде-бір шығарма жазбапты. С. Мұқанов 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында Мағжанның үнсіз қалу себебі ұлтшылдығынан, байшылдығынан екенін көрсетіп: «Ол февральға арнап өлең жазған жоқ. Февраль туа сала бұрынғы мақсатын тілмен емес, қолмен орындауға кірісті, – деп жазды. – Елге сайлауға шықты. Ауылда «Алашорданың» бұтақтарын – комиеттерін ашты. Одан келе уездік, облыстық комиеттерді ұйымдастыруға белсеніп ат салысты. Одан Орынбордағы «Алаш» съезін шақыруға көмектесіп, «Алаш» партиясының Орталық комитетіне мүше болып өтті. Қысқасы, Мағжан февраль туған кезде, өз тілегін орындау үшін, қаламды сандыққа салып тұрып, таза байлар партиясының тез құрылуы, үкіметке ие болу ісімен шұғылданып кетті» [5, 225 б.].

Ахмет бастаған ұлт зиялыларының сезіктенуі тегін емес екендігіне кейбір оқыған азаматтардың көзі енді ғана жете бастады. Бірақ бұл өте кеш еді.

Мәселен, бодандық бодауынан біржолата құтылды деп сенген Ж. Аймауытов 1917 жылы «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!» деген мақаласында «...жасыратын қылық жоқ – бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық» [6], – деп марқая-масаттана жазды. Бірақ мән-жайды түсінген ақын-публицист 1927 жылы: «Соғыс және төңкеріс, тонаушылық, аштық, ұлттық бостандық автономия... мұның бәрі де (қазақ-қырғыз халықтарын) қайшылық пен таусылмас жоқшылықтың тұңғиығына тастады» [7, 13 б.], – деп 1917 жылғы төңкерістің әкелген бүліншілігін, зорлық-зомбылығын жаны күйзеле жазды.

Үгіт-насихат пәрменді жүргізіліп, Қазан төңкерісі, пролетариат диктатурасы, кеңес өкіметін, коммунистік партияны, оның көсемдерін мадақтап, асқақтата жырға қосу белең алды. Барлық басылымдардың алғашқы беті Ленин, Сталин есімімен, олардың коммунизмге – жарқын болашаққа бастаушы көсемдер екендігін дәріптейтін өлең-жыр, мақалалармен басталатын болды. Шын сеніп патриоттықпен жыр арнағандар да, сенбей, жағымпаздықпен

қалам сілтегендер де, қорыққандарынан жазғандар да жетерлік еді. Өйткені талап, үгіт-насихат солай болды. Аяғыңды сәл әнтек бассан, күш көрсетілді.

1921-1922 жылғы ашаршылық та халқымызды орны толмас апатқа ұшыратқаны Кеңес дәуірінде жасырын айтуға, жазуға болмайтын тақырып еді.

1922 жылғы ашаршылық қазақ елін қаңсыратып, қынадай қырды. Қаншама ауылдар қырылып, ел беті ауған жаққа босып кетті. Мұны көзімен көріп, жаны түршіккен Мадияр (М. Дулатов): «Соңғы жылдардағы оқиғалар» қазіргі қазақ халқының басынан кешіп отырған ашаршылық апатының қасында ойыншық болып қалды, - деп жазды. – Енді алты Алаш, алты миллион елім бар деп, үйде отырып өзінді толықтырып, атың, қазағың жоқ болудың алдында тұр. Күні кеше пәлен киіктей емін-еркін жортып жүріп сайран еткен Сарыарқа қан сасып, топалаң тиген қойдай қырылған адам өлкесіне толып, сасық жел иіскеп отыр. Қазақ күйі осындай болған соң, аман елдегі басшыларымыз бұрын да сондай болатын деп өкпелеп, күдерімізді үзе алмай отырмыз... Өйткені бұрын әділеті, мейірімі кем болса да бұ жолы қазақ халқының көпшілігі бай-кедей, кәрі-жас демей, тегіс ашаршылық апатына ұшырап, елдіктен, жұртшылықтан кетіп баратқанда жақсыларымыздың адамгершілік, ұлттық, бауырмалдық, рақымшылық сезімдері оянар деп үміт етіп отырмыз».

Ақын-публицист одан әрі Үкімет тарапынан көрсетілетін жәрдемге ғана сүйеніп отырмай, азаматтар түгел атқа қонып, ашыққан елдерге қызмет көрсету керектігін, мұндайда бас көтермей үнсіз қалу тарих алдында үлкен қылмыс екенін ескертеді. «Аш халықты керуен жасап, Қазақстанның, Түркістанның жоқ губернияларына, уездеріне көшіру» керектігін айтады. Ол үшін:

1. Семей губерниясында қазіргі аштар комитетінен басқа, ашыққан елге өз тұсынан жәрдем беретін айрықша комитетін жасауға;
2. Ол комитеттің іс қылатын ауданы Семей, Ақмола мен ашыққан губерниялар болуға;
3. Бұл жолда қызмет қылуға тіленген, я қазақ жиылысы керекті тапқа азаматтарды партия, кеңес қызметтерінен босатуға үкімет рұқсат беруін өтінеді [8].

Бұл мақаладан да М. Дулатовтың халқы үшін қам жеп, ішкені іріп, жегені желім боп, жан дауысы шыға жар салғанын, батылдығын, батырлығын, бауырмалдығын, азаматтығын, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болғанын сезінеміз. Әйтпесе, бас пайдасы үшін мұндайда бұқпантайлап, халық қамынан гөрі қалта қамын қамдайтындар ол кезде де болған, қазір де бар.

«Өлең ақындікі болғанымен, ақынның тілі мен ділі – халықтың тілі, халықтың ділі, ақынның ойы – халықтың ойы, ақынның сезімі – халықтың сезімі» [9, 108 б.], – деп профессор Ж. Дәдебаев айтқандай, езгіде болған халықты еркіндік деген сиқырлы биік мақсатты меңзеген сөз сергітіп, сол еркіндікті асқақ сезіммен аспандата жырлаған ақындар жыры ел еңсесін көтере түсті. Ақын сенімі не істерін білмей абдырап қалған халық сенімін оятты. Халық еңбекке жан аямай, бір кісідей жұмылып, құлшына кірісті. Еркіндік, азаттық деген сөздер бұрын-соңды болып көрмеген күшке, іске айналып, күн өткен сайын қарқын алды. С. Сейфулин Ресей жұмысшыларының жеңіске жетіп, үкіметті өз қолдарына алғанына төрт жыл толғанын ерекше шабытпен: «Россия пролетариатының жұмыскер-жалшыларының ісін көріп, дүниені жаңғыртып отырған ұрандарын естіп, жер жүзінің пролетариаты толқып қозғалуда, байлары, патшалары қорқып сақтанып қалтырауда, кемеге мінгендердің жаны бір дегендей, орыс, қазақ, неміс, француз, ағылшын, қытай, жапон жұмыскер-жаршыларының, жарлыларының тілектері, жандары бір; әм жер дүниенің буржуа байларының, патшаларының тілектері, жандары бір», - деп қуана жазды.

1922 жылы жазылған «Бірінші май» аталатын жоғары пафоспен жазылған бұл публицистикалық мақаланың (көсемсөздің) әр сөзі ұранды, қуатты. Автор «Жер дүниенің байлары топтанған, ұрандасқан жұмыскер, жарлылардан қауіптеніп, қорқып қалтырайтынына», күллі жер-дүниенің байлары, паңдары көп кешікпей тәж-тақыттарынан, байлықтарынан, үкіметтерінен айрыларын сезінетін күн – 1-ші Май екеніне сенімді, сондықтан да шығарма да оқушысының қанын қыздырып, болашаққа деген ынта-жігерін арттыра түседі. Жалынды ақынның әр жолы дауылды кезеңнің мінезімен астасып жатыр:

«Жасасын, жер-дүниенің жұмыскер, жалшы-жарлыларының бірлік ынтымағы! Жасасын, жер-дүниенің жұмыскер, жалшы-жарлыларының азаттық, бостандық үкіметі! Жасасын, 1 Май мейрамы!» [3, 476 б.].

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы ақын-публицистердің шығармаларында сол кезеңнің қуанышы да, қайғы-қасіреті де қаз қалпында көрсетілген.

Бейімбеттің «Құлақ» оқшауында сол кезеңнің келеңсіз бір көрінісі бар:

Бекеннің үйінде бес-алты адам – ауылнай, ауылнайдың хатшысы, жалшылар комитетінің төрағасы, мұғалім қонақта отыр. Бірі газетке ораған насыбайын алып, атады. Мұны көрген басқалары да оған қол созады. Мұғалім газетті көріп сұрап алып, оқи бастайды: «Жаз жақындап қалды. Елде кедей көп. Соларға тұқым тауып беру жалшылар комитетінің міндеті». Ысқақ басын көтеріп, қайта оқытып, жағдайын айтып, жер комитетінің төрағасы Қайранбайдан көмек сұрайды. Көп ұзамай қара қошқыл буы шыққан, бір-екі жапырақ қана еті бар бір табақ бөртпе алдарына тартылады. «Аз уақыттың ішінде мырзалардың саусағы қара табақтың түбін түрте» бастайды. Автор табақтағы тағамның таусылғанын осылайша шебер көз алдына елестете, бейнелей жеткізеді.

Тамақтан соң әкімдер жұмыстарына кірісіп, ауылдағы кедейлердің тізімін ала бастайды. Ең нашары жаңағы Ысқақ болып шығады да, оған көмек көрсету үй иесі – Бекенге жүктеледі. Ол қарсылық білдіріп «Не үшін?», - дейді. Ауылнай «Құлақ болғаның үшін!», - дейді. Бекен күйіп:

- «Мен бермейін деп отырмын ба, еттің азғантай асылғанына ерегесіп салған соң, менің де жыным келіп отыр. Әйтпесе, өзім секілді 10 қарасы барлардың басын қосса, көппен бірдей салса, бір қара бер десе де беремін ғой...».

- Осы диалогпен автор үй иесінің «Құлақ» аталуының сырын да, оның мінез-құлқын, сараңдығын да ашады. Сөйтіп заңсыздыққа, зорлық-зомбылыққа толы ауылдағы жаңа өмірдің бет пердесін түреді [10].

Шынымен-ақ бостандық, теңдік тиді деп түсінген ақын-публицистердің көбісі шығармаларын шалқыта, қуанышпен, шабытпен жазған. Болашақтың бұлдыр екенін сезініп, тұрмыстың жұтандығын көзімен көргендері шындықты бұрмалай алмағандары да байқалады. Кезінде «Алаш» партиясын қолдаған, кейін зорлық-зомбылық күшімен Кеңес үкіметі жағына шыққан Б. Майлиннің «Аш, жалаңаш» мақаласын оқиық:

«Қою қараңғылық әлемді албастыдай басып, ағаш жапырақтары өлдім деп сыбырлап, сыбырлағандай болады...». Сөйлемде ақынға тән нәзік сезім, үп еткен желге, бұлақ сылдыры мен жапырақ сыбдырына құлақ түріп, сыр іздеу бар. Теңеуі де тың, дәл.

«- Табылмас. Басқа жерден табылса да, біздің Кеңес үкіметінен табылмас. Табылуы да мүмкін емес». «Табылмас», «табылса да» деп қайталанып отырған тұрақты фраза сөйлемге үстеме поэтикалық қуат беріп, серпінділік тудырған.

Айнала бүрсең қағып тоңып жүрген киімдері жоқ, аш, жалаңаш балалар. Оларға мүсіркей қараған ақын-публицистің жаны алау-жалау: «Ұлы төңкерістің он жылдығын тойлауға әзірленіп жатырмыз. Бірер жетіде той болады. Кеңес елінің еңбекшілері қызыл туын желкілдетіп, қатарын түзеп, салют береді. Жас пионерлер жалынды ұранын салып, жер күңіретіп (гротеск – С.О.), қатарын түзеп олар да шығады...».

«Ана аш-жалаңаш балалар қайтер екен? Олардың киіп шығатын киімі қайда? Тойып шығатын тамағы қайда? Мұны кімге айтады?» [11].

Бейімбеттің бұл мақаласы «Нан» деп аталатын өлеңімен үндес:

// Осы күні кеудеде // Шықпаған жүр, жан. //Не бар тілек пендеде, //Нан-наннан. // Құдай, ә, құдай, // Қырасың ба пенденді, //Қоясың ба өңгенді?! //Аштық деген бір пәлең //Салды елге шеңгелді... [12].

### Әдебиет тізімі

1. Жұмабаев, М. Автономия кімдікі? // Кедей сөзі, 21 ақпан. – 1921.
2. Дулатов, М. Құрметті оқушылар! // Қазақ, 5 сентябрь. – 1918.

3. Сейфуллин, С. Шығармалары. 5 том. – Алматы: Қаз. мем. көркем әдебиет баспасы, 1963. – 476 б.
4. Сейфуллин, С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші Қазақ, 2 ақпан. – 1923.
5. Мұқанов, С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. – 458 б.
6. Аймауытов, Ж. Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар! // Сарыарқа, 12 ақпан. – 1917.
7. Аймауытов, Ж. Кәсіп таңдау психологиясы. – Москва, 1927. – 156 б.
8. Дулатов, М. Соңғы жылдардағы оқиғалар // Қазақ тілі, 14 шілде, 1922.
9. Дәдебаев, Ж. Ақын әлемі // Қазақ тілі мен әдебиеті, №9-10. – 1998.
10. Майлин, Б. Құлақ // Ауыл, 8 наурыз. – 1924.
11. Майлин, Б. Аш, жалаңаш... // Ауыл тілі, 7 қараша. – 1926.
12. Майлин, Б. Нан // Еңбекшіл Қазақ, 13 тамыз. – 1922.